

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ
Қоғамдық кеңестің отырысының
ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы № 17 2026 жылдың «06» ақпан
«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) орналасқан жері:
Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел
даңғылы, 55/14 үй.

Қоғамның Қоғамдық кеңесінің (бұдан әрі – Қоғамдық кеңес) отырысы ZOOM конференц байланысы арқылы өткізіледі, сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/89195034984?pwd=4aZ0TPaid37nrcT0ct4UknvBdQJbRV.1>.

Отырысқа қатысқандар:

Қоғамның Қоғамдық кеңесі келесі құрамда:

- коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардың өкілдері:

1. Боровая Наталья Алексеевна
2. Калкабаев Азамат Муратбекович
3. Нуркебаева Асель Болатовна
4. Оспанова Гульден Джетысовна
5. Салимова Вагида Вилиновна
6. Акильбеков Берик Ахмедиянович
7. Тикенов Еркин Амангельдинович
8. Курумбаев Айбулат Шамуратович

- «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ өкілдері:

9. Устимиров Ильяс Нурланович
10. Мусина Шырын Каиргельдиновна.

Қоғамдық кеңесінің хатшысы: Бакаева Ш.М.

Отырысты өткізу үшін кворум бар.

Повестка дня:

1. 2025 жылға арналған «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің қызметі туралы жылдық есепті бекіту.
2. 2026 жылға арналған «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту.
3. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-ның бірінші басшысының сөзі.

Күн тәртібіндегі «2025 жылға арналған «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің қызметі туралы жылдық есепті бекіту» бірінші мәселе бойынша Қоғамдық кеңестің төрағасы Калкабаев Азамат Муратбекович сөз сөйлеп, 2025 жылдағы Қоғамдық кеңестің қызметі туралы баяндады.

Сөз сөйлеу барысында Қоғамдық кеңес мүшелері барлық өзекті мәселелерді жария ету, сондай-ақ оларды кейіннен Қоғамға жолдау үшін проблемалар тізімін қалыптастыру қажеттігі туралы пікір білдірді. Сондай-

ақ, 2025 жылға бекітілген жоспар бойынша есептілік жүргізу, Қоғаммен өзара іс-қимыл жасауға қатысты кеңес қызметіне тиісті түзетулер енгізу, қоғамдық диалогты қалыптастыру, салалық мәселелерді талқылауға арналған алаң құру, уақытты көбірек бөлу және Қоғамнан кері байланыс алу қажеттігі туралы пікір білдірілді.

Ашық дауыс беру нәтижелері бойынша, электрондық сауалнама жүргізу арқылы Қоғамдық кеңес көпшілік дауыспен **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

«Қолдады» – 9

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

Ашық дауыс беру нәтижесі бойынша көпшілік дауыспен Қоғамдық кеңес **ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырған «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2025 жылға арналған қызметі туралы есебін бекіту.

Күн тәртібіндегі «2026 жылға арналған «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту» екінші мәселе бойынша Қоғамдық кеңестің төрағасы Қалқабаев Азамат Мұратбекұлы сөз сөйлеп, 2026 жылға арналған Қоғамдық кеңестің жұмыс жоспарының жобасын таныстырды. Сөз сөйлеу барысында Қоғамдық кеңес мүшелері жоспар жобасына түзетулер енгізу қажеттігі туралы пікір білдірді, себебі ол Қоғамдық кеңес жүзеге асыруы тиіс толық әрі қажетті қызметті толық көлемде қамтымайды.

Қоғамдық кеңестің төрағасы жоспар жобасын ұсынылған редакцияда қарауды ұсынды, себебі жоспарға қажеттілігіне қарай кез келген уақытта өзгерістер енгізуге болады.

Ашық дауыс беру нәтижелері бойынша, электрондық сауалнама жүргізу арқылы Қоғамдық кеңес көпшілік дауыспен **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

«Қолдады» – 7

«Қарсы» – 1

«Қалыс қалды» – 1

Ашық дауыс беру нәтижесі бойынша көпшілік дауыспен Қоғамдық кеңес **ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырған «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2026 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту.

Күн тәртібіндегі мәселелер қаралғаннан кейін Қоғамдық кеңес мүшелерінің алдында Қоғам Басқармасының төрағасы Газизов Талгат Жанатович сөз сөйлеп, Қоғамдық кеңестің қызметіне белсенді қатысуға дайын екенін жеткізді. Сондай-ақ, кеңестің әрбір мүшесімен жеке танысуға

ниет білдіріп, мүмкіндігінше Қоғамдық кеңес құрамына кіруге дайын екенін атап өтті.

Қоғамдық кеңес отырысының күн тәртібіне шығарылған мәселелер қаралды. Олар бойынша шешімдер қабылданды, отырыс хаттамасы қол қойылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қоғамның ресми интернет-ресурсында жарияланатын болады.

**Қоғамдық кеңесінің
Төрағасы**


_____ **А. Калкабаев**

**Қоғамдық кеңесінің
Хатшысы**


_____ **Ш. Бакаева**

«Kazakh Tourism» ҰҚ» АҚ
Қоғамдық кеңесінің
2026 жылғы «06» ақпандағы
№ 17 хаттамасымен
«Бекітілген»

**«Kazakh Tourism» ҰҚ» АҚ
Қоғамдық кеңесінің
2025 жыл қызметі туралы
ЕСЕП**

«Kazakh Tourism» ҰҚ» АҚ Қоғамдық кеңесі 2025 жылы өз қызметін Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырды.

Қоғамдық кеңестің құрамы 2024 жылғы тамыз айында қалыптастырылды. Есепті 2025 жылы Кеңестің қызметі ұйымдастырушылық тұрғыдан қалыптасуға, жұмыс және таныстыру сипатындағы отырыстар өткізуге, сондай-ақ «Kazakh Tourism» ҰҚ» АҚ басшылығымен және құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылды жолға қоюға бағытталды.

Қоғамдық кеңестің жалпы сандық құрамы 15 адамды құрайды, бос орындар жоқ.

Гендерлік құрамы:

- әйелдер – 8 адам;
- ерлер – 7 адам.

Жас құрамы:

- 18-ден 35 жасқа дейін – 2 адам;
- 36-дан 61 жасқа дейін – 13 адам.

Қоғамдық кеңестің құрамы үкіметтік емес сектор өкілдерінен, жеке кәсіпкерлік субъектілерінен, қоғам қайраткерлерінен және өзге де салалардың өкілдерінен жасақталған, бұл сараптамалық және қоғамдық ұстанымдардың әртүрлілігін қамтамасыз етеді.

2025 жылы Қоғамдық кеңестің № 7–15 хаттамаларымен рәсімделген 9 отырысы өткізілді.

Отырыстар аясында мынадай мәселелер қаралды:

- «Kazakh Tourism» ҰҚ» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелерімен жұмыс кездесулерін өткізу;
- Қоғам Басқарма төрағасымен жұмыс кездесуін өткізу;
- Қоғамдық кеңес төрағасын сайлау;
- Қоғамдық кеңестің құрылымын бекіту;
- 2025 жылға арналған Қоғамдық кеңестің жұмыс жоспарын бекіту және оған түзетулер енгізу;
- резервтік тізімнен Қоғамдық кеңес құрамына кандидаттарды іріктеу;
- Қоғамдық кеңестің сарапшылары туралы ережені бекіту;

- «Kazakh Tourism» ҰҚ» АҚ-ның 2025 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қызметі туралы есебін тыңдау.

Қаралған мәселелер негізінен ұйымдастырушылық және таныстыру сипатында болды, бұл Қоғамдық кеңестің толыққанды қызметінің басталу кезеңімен байланысты.

Қоғамдық кеңестің отырыстарына қатысу әрбір отырыс және Кеңестің әрбір мүшесі бойынша тіркеліп отырды.

2025 жылға арналған қатысу құжатын талдау нәтижесінде Қоғамдық кеңес отырыстарының тұрақты түрде өткізілгені және күн тәртібіндегі мәселелерді қарау үшін қажетті кворумның, әдетте, қамтамасыз етілгені анықталды.

Сонымен қатар, Кеңестің жекелеген мүшелерінің, атап айтқанда Сапакова Д.Б. мен Абдрахманқызы С.-ның отырыстарға бірнеше рет қатыспау жағдайлары тіркелді.

Есепті кезеңде қоғамдық бақылаудың нысандары (қоғамдық мониторинг, қоғамдық тыңдаулар, қоғамдық сараптама, есептерді тыңдау) қолданылған жоқ. Бұл жағдай 2025 жылы Қоғамдық кеңестің ұйымдастырушылық тұрғыдан қалыптасу және таныстыру сипатындағы іс-шараларды өткізу кезеңінде болуымен байланысты. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бекітілгеннен кейін қоғамдық бақылаудың тиісті нысандарын іске асыру жоспарлануда.

2025 жылы Қоғамдық кеңеске өтініштер келіп түскен жоқ, мемлекеттік органдарға жүгінулер жолданбады, сондай-ақ өз бастамасымен қаралған өтініштер де болмады.

Қоғамдық кеңестің қызметі туралы ақпарат Қоғамның және уәкілетті мемлекеттік органның ресми интернет-ресурстарында орналастырылды. Қоғамдық кеңестің отырыстары және қабылданған шешімдер туралы мәліметтер жарияланып отырды.

Есепті кезеңде Қоғамдық кеңес тарапынан бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде жарияланымдар жасалған жоқ.

2025 жылы «Kazakh Tourism» ҰҚ» АҚ Қоғамдық кеңесі өз қызметін жұмыстың ұйымдастырушылық негізін қалыптастыруға, жоспарлық және ішкі құжаттарды бекітуге, сондай-ақ Қоғамның басшылығымен және құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылды жолға қоюға бағыттады.

Өткізілген отырыстар мен жұмыс кездесулері келесі есепті кезеңдерде қоғамдық бақылау тетіктерін неғұрлым белсенді қолдануға көшу үшін қажетті алғышарттарды қалыптастырды.

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ
 Қоғамдық кеңесінің
 2026 жылғы «06» ақпандағы
 № 17 хаттамасымен
 «Бекітілген»

**2026 жылға арналған
 «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің
 жұмыс жоспары**

№ p/c	Іс-шаралардың атауы	Орындалу мерзімі	Орындаушылар
1	2025 жылға арналған «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің қызметі туралы жылдық есепті бекіту	Ақпан	Қоғамдық кеңесі
2	2026 жылға арналған «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту		
3	«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің төрағасын сайлау	Ақпан	Қоғамдық кеңесі
4	«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-ның 2025 жылдың екінші жартыжылдығындағы қызметі туралы есебін тыңдау		«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ
5	Есептер мен мониторингтерді тыңдау нәтижелері бойынша ұсынымдар әзірлеу		Қоғамдық кеңесінің мүшелері
6	Қоғамдық кеңестің қарауына келіп түскен өтініштерді қарау	Түсуіне қарай	Қоғамдық кеңесі
7	Туризм саласындағы квазимемлекеттік сектор субъектілеріне және бейінді бөлімшелерге азаматтардан келіп түскен өтініштерге талдау жүргізу	Түсуіне қарай	Қоғамдық кеңес комиссияларының төрағалары
8	«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеуге және талқылауға қатысу	Тұрақты түрде	Қоғамдық кеңес комиссияларының мүшелері
9	«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелері әзірлеген нормативтік құқықтық актілер мен реттеуші құжаттар жобаларына қоғамдық сараптама жүргізу	Жүгінуіне қарай	Қоғамдық кеңес комиссияларының төрағалары, сарапшылар
10	Қазақстан Республикасының туризм саласындағы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және оларды мемлекеттік органдарға енгізу	Тұрақты түрде	Қоғамдық кеңесінің төрағасы/мүшелері

11	Комиссиялардың қызмет бағыты бойынша ведомствоаралық комиссияларға, үйлестіру кеңестеріне, ведомстволық бағынысты ұйымдардың және квазимемлекеттік компаниялардың консультативтік-кеңесші органдарына, сондай-ақ салалық кеңестерге қатысу және мүшелік ету	Шақыру бойынша	Қоғамдық кеңесінің төрағасы/мүшелері
12	Комиссиялардың бейіндік мәселелері бойынша жария және қоғамдық тыңдауларға, сондай-ақ іс-шараларға қатысу	Шақыру бойынша	Қоғамдық кеңестің комиссиялары, сараптамалық топтар
13	Туризм және спорт министрінің, өзге де орталық мемлекеттік органдардың, туризм саласындағы жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ депутаттардың халық алдындағы есептік кездесулеріне қатысу	Шақыру бойынша	Қоғамдық кеңестің комиссиялары, сараптамалық топтар
14	Комиссия мүшелерінің туризм саласындағы үкіметтік емес сектормен және азаматтық қоғам институттарымен бірлескен іс-шараларға қатысу	Шақыру бойынша	Қоғамдық кеңесінің төрағасы/мүшелері
15	Комиссияның қызметі туралы ақпаратты интернет-медиада жариялау	Келісім бойынша	Қоғамдық кеңес комиссияларының мүшелері
16	Қоғамның және уәкілетті мемлекеттік органның интернет-ресурстарында Қоғамдық кеңестің отырыстарының хаттамалары мен ұсынымдарын жариялау	Қол қойылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде	Қоғамдық кеңес хатшысы
17	Қоғамдық кеңес комиссияларының жұмысы туралы есептер	Қыркүйек – желтоқсан	Қоғамдық кеңес комиссияларының төрағалары